



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№17 (977) Сәрсенбі 6 мамыр 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ЕЛ ҮКІМЕТІНДЕ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС: НӘЛІБАЕВ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ КЕЛДІ

Парламент Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің бірінші орынбасары лауазымына Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың кандидатурасы келісілді.

Мәселе «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 22-1-бабына сәйкес қаралды.

Отырыстың нәтижесі бойынша ұсынылған кандидатураны Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындауға болатыны туралы қорытынды қабылданды.

ЖЕҢІСКЕ – ТАҒЫМ, ЕРЛІККЕ – ҚҰРМЕТ!



ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласында облыс әкімінің орынбасары Б. Жахановтың төрағалығымен ерекше қауіпті шегіртке зиянкестері мен карантиндік объектілерге қарсы жүргізілетін фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және химиялық өңдеу жұмыстарын атқаратын техникалардың дайындығына арналған облыстық семинар отырысы өтті.

Жиын барысында 2026 жылға жоспарланған фитосанитариялық іс-шаралардың негізгі бағыттары мен дайындық деңгейі жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, биыл Азиялық шегірткеге қарсы – 33 350 гектар, италиялық прусска қарсы – 31 830 гектар, саяз шегірткеге қарсы – 55 540 гектар аумақта химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Семинар отырысында зиянкестерге қарсы күрес шараларын тиімді ұйымдастыру

үшін тартылатын техникалардың дайындығы да қаралды. Биылғы науқанда 6 арнайы жер агрегаты, 2 жеңіл ұшақ, 1 аса жеңіл ұшақ, 6 пилотсыз авиация құралы (дрон) және 1 аэрозольды генераторды пайдалану көзделуде.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірқатар сала басшылары баяндама жасады. Облыстық аумақтық инспекция басшысы М. Оразбаев ерекше қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы жүргізілетін фитосанитариялық іс-шаралар туралы мәлімет берді.

Ал облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Т. Дүйсебаев зиянды организмдерге қарсы жүргізілетін жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жоспарлары жөнінде баяндады.

«Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесінің Қызылорда облыстық филиалының басшысы

А. Айтбаев өңір аумағындағы зиянды және ерекше қауіпті организмдерге қатысты жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының барысына тоқталды.

Сонымен қатар, фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыратын мердігер мекемелердің техникалық дайындығы да кеңінен қаралды. Бұл бағытта «АВИАКОМПАНИЯ «ДЕЛЬТА-ЮГ» ЖШС» өкілі А. Уалиханов, «Бағжан» ЖК және «Защита растений-К» мекемесінің облыс бойынша өкілі Т. Қалшораев, сондай-ақ «Фитосанитария» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалының директоры Ж. Дүзельбаева тиісті баяндамаларын ұсынды.

Жиын қорытындысында алдағы фитосанитариялық науқанды сапалы әрі уақытылы жүргізу, техникалардың толық дайын болуын қамтамасыз ету және жауапты мекемелердің өзара үйлесімді жұмысын күшейту қажеттігі атап өтілді.



240 ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Отан қорғаушылар күні қарсаңында қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен сол жағалаудағы 240 пәтерлік 6 көпқабатты тұрғын үй кешенін иелеріне табыстау рәсімі өтті.

«Президент өз Жолдауында: «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажет. Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғындардан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру» деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауының арқасында, облыс әкімінің үйлестіруімен бұл бағыттағы

жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде шаһарымызда жыл соңына бері 655 отбасы қоныс тойын тойлады. Жыл соңына дейін тағы 1 581 пәтер пайдалануға беріледі. Биылдың өзінде бюджеттен тұрғын үй құрылысына 58 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлініп отыр. Бұл қаражатқа 31 көпқабатты үй салынады. Оның 945 пәтері ипотекалық, 1336 пәтері әлеуметтік осал топтарға арналған. Ерекше атап өтуіміз қажет, кейінгі жылдары қаламызда заманауи жана дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ҚАЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен мәжілісте қалалық құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалған Мүбәрәк Ердаулет Бекмұратұлы таныстырылды.

Ердаулет Бекмұратұлы Қызылорда облысында дүниеге келген. Халықаралық білім беру корпорациясын «Сәулет және құрылыс» мамандығы, «Болашақ» университетін «Құқық» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2017 жылы «НС және К Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде директорын орынбасары ретінде бастаған.

2019-2025 жылдары қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімінің статистік, бас маманы, қала әкімінің көмекшісі, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2025 жылдан бастап Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Шаһар басшысы Ердаулет Бекмұратұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, мәжілісте бұған дейін Жастар театрының директоры қызметін атқарып келген Мансұр Нұрмат Абдуллаұлына қаланың ең жоғарғы марапаты «Құрмет грамотасы» табысталды. Ол театр директоры ретінде өнер ұжымының репертуарын жана мазмұнды қойылымдармен байытып, жас таланттардың сахнада өзін танытуына толық жағдай жасады. Өзіне жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде атқарып, қаланың дамуына өз үлесін қоса білді.

ЕРЛІГІ ДАСТАН ЕР ТҰЛҒА

Облыстық кітапханада Кеңес Одағының Батыры Көмеқбаев Тәйіметтің туғанына 130 жыл толуына орай «Ерлігі дастан ер тұлға» атты тарихи кеш ұйымдастырылды.

Кешке Қызылорда қаласының құрметті азаматы, облыстық «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбішұлы Сайлаубай және Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Мақсаты - батырларымыздың ерлігі мен даңқының символы болып табылатын мереке Ұлы Жеңіс күнінің

маңызын түсіндіру, халқының болашағы жолында құрбан болған жауынгерлердің рухына тағзым ету, ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсеткен жерлес батырларымыздың есімдерін ұлықтау.

Кеш қонақтары кескілескен ұрыс даласында ерліктің үлгісін көрсетіп, жеңісті жақындауға өз үлестерін қосқан Сыр перзенттері, оның ішінде есімі елге белгілі Кеңес одағының батыры Тәйімет Көмеқбаевтың даңқты ерлігі мен еңбегі туралы баяндады. Батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсеткен жерлес батырларымызды ұлықтау біздің қасиетті борышымыз! Оқырмандар назарына «Ерлік даңқы өшпейді» атты кітап көрмесі ұсынылды.



ДЕМАЛЫС ПАРКІ ЖАҢА МАУСЫМЫН БАСТАДЫ

Қалалық мәдени және демалыс паркі жаңа маусымды бастады. Қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов шаһар тұрғындары мен қонақтарына арналған әсем де жайлы демалыс орнына арнайы барып, қызылордалықтарды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен және жазғы демалыс маусымының басталуымен құттықтады.

«Мемлекет Басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімінің үйлестіруімен шаһарымыздағы парктер, аллеялар, скверлер мен тарихи орындар қайта жаңғыртылып, тұрғындарымызға жайлы орта қалыптастырылууда.

Өткен жылы дәл осы мәдени және демалыс паркі заманауи кейіпке еніп, саялы мекенге айналды. Сондай-ақ, «Қорқыт ата» сквері де қайта түлеп, жасыл желекке оранған тынығу орталығы атанды.

Кешегі Наурыз мерекесінде жаңа үлгіде жаңғырған Президент саябағының салтанатты ашылуы

өтті. Қазір мұнда жанына рахат сыйлайтын, саф ауада серуендейтін барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Алдағы күндері осы аумақта бой көтеріп жатқан балалардың тынығу лагері мен Ботаникалық бак пайдалануға беріліп, тұрғындарымызға толымды тарту болмақ. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен қаламызда жарқын жобалар сәтті жүзеге асуда. Халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында жаңадан әлеуметтік нысандар ел игілігіне берілуде. Денсаулық, мәдениет және спорт салаларын дамыту, халыққа қолжетімділігін

арттыру бойынша серпінді құрылыстар қолға алынды», - деді Арнұр Әлібекұлы.

Айта кету керек, қалалық мәдени және демалыс паркінде тұрғындардың тыңғылықты тынығуына және жаз маусымында уақытты тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. Быыл да келушілердің көңілін сергітуге арналған танымдық және тағылымды шаралар ұйымдастырылады. Парк аумағындағы барлық ойын құралдары түбегейлі тексерістен өтіп, техникалық қауіпсіздігі қатаң сақталған.

ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Samruk Kazyna Trust корпоративтік қорының 10 жылдық мерейтойына орай қаланың сол жағалауындағы "Теннис орталығында" үстел теннисінен тұңғыш рет "Samruk Alaman" облыстық ашық турнирі бастау алды.

10 жылдық мерейтой аясында ұйымдастырылған дүбірлі додаға Түркістан, Шымкент, Байқоңыр және Қызылорда облысының барлық аудандарынан келген 150-ге жуық спортшы ересектер, жастар және жасөспірімдер санаты бойынша бақ сынауда.

Салтанатты шараның ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, "Samruk Kazyna Trust" корпоративтік қоры бас директорының орынбасары Аман Төреғелдин, басқарма басшысы Бақтияр Артаев қатысты.

Алғы сөз алған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы аймақ спортының соның ішінде үстел теннисінің даму қарқынына тоқталып, тартысқа толы турнирді жоғары деңгейде ұйымдастыруға ұсыныс білдірген "Samruk Kazyna Trust" корпоративтік қорына ерекше алғыс білдірді.

«Ең алдымен баршаныңды 1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Айтулы мерекемнен қатар еліміздегі іргелі әрі бірегей қорлардың бірі - "Samruk Kazyna Trust" корпоративтік қорының 10 жылдығына орай республика көлемінде спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, кең көлемде аталып өтуде. Бүгін мінекей, аталған қордың бастамасымен қаламызда үстел теннисінен облыстық ашық турнир ұйымдастырылып жатыр. Тартысты турнирде еліміздің бірнеше аймағынан және

Қызылорда облысынан 150-ге жуық жас теннисші өзара бақ сынамақ. Осы ретте, өңірдегі спортты дамытуға айрықша атсалысып, игі бастамаларды жүзеге асыруда үлкен қолдау көрсеткен «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорына алғыс білдіреміз!», - деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, "Samruk Kazyna Trust" корпоративтік қоры бас директорының орынбасары Аман Төреғелдин барша жарыс қатысушыларына сәттілік тілеп, ізгі тілегін жеткізді.

«"Samruk Kazyna Trust" корпоративтік қорының 10 жылдық мерейтойы аясында республика көлемінде әртүрлі спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылууда. Ауқымды шаралардың барлығы «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қорының демеушілігімен салынған еліміздегі 19 заманауи спорт кешенінде өтеді. Бүгін мінекей, Қызылорда облысында бастау алған жарысымызға үздік командалар жиналып, өз шеберліктерін танытпақ. Жеңімпаз атанған спортшыларға аталған қорымыздың спорттық құрал-жабдықтар алуға арналған қаржылай сертификаттары табысталады болады. Осы ретте, барша жас теннисшілерге сәттілік тілеймін!», - деді Аман Жаксыбайұлы.

Шара соңы Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрермендерге мерекелік ән-шашу тарту етілді.



СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)40-05-14, мекен-жайы Жахаева көшесі №24 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ЗАМАНАУИ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРУ ЖОСПАРЛАНУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы іссапармен келген «Vana International Holding» халықаралық компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесуде тараптар әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту, оны сенімгерлік басқаруға беру арқылы заманауи тетіктерді енгізу және халықаралық стандарттарға сай тиімді логистикалық хаб қалыптастыру мәселелерін талқылады. Қызылорда облысының әкімдігі мен «Vana International Holding» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жаңа жоба өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, ішкі және халықаралық көлік дәліздерімен тиімді интеграциялануына жол



ашады. Сонымен қатар аймақтың инвестициялық тартымдылығына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына серпін бермек. Еске салайық, 2024 жылғы 12 қарашада Премьер-министр

Олжас Бектеновтің қатысуымен Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілген болатын. Заманауи талаптарға сай нысан өңірдің көлік

инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтерді.

Қазіргі уақытта әуежайдан аптасына 28 рейс, атап айтқанда, Астана қаласына 20, Алматы қаласына 8 рейс ұшады. Өткен бірінші тоқсанда әуежай қызметін пайдаланған жолаушылар саны 47,6 мың адамға жетіп, бытырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 58,5 пайызға артқан. Әуе тасымалына деген сұраныстың тұрақты өсімі, жүк айналымының ұлғаюы болашақта Қызылорда облысын ірі көлік-логистикалық тораптардың біріне айналдырады. Жоспарланған сауда-логистикалық орталық тек инфрақұрылымдық жоба ғана емес, өңір экономикасының жаңа драйверіне айналатын және халықаралық сауда, инвестиция ағынын бұруға бағытталған стратегиялық қадам болмақ.

«Ел тілегі» ақпарат

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» КӨРКЕЙТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Шіелі ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде.



Кент орталығында әрлеу, сырлау- бояу, гүл егу, ағаш көшеттерін отырғызу сынды жұмыстар ауқымды түрде атқарылууда. Сонымен қатар жол жиектері, арық-апыздар, саябақтар мен демалыс орындары ретке келтіріліп, қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Аталған игі шаралар тұрғындардың қоршаған ортаға

деген жауапкершілігін арттырып, ауданның санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге және өңірдің көркеюіне оң әсерін тигізуде. Сонымен қатар тазалық жұмыстары арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ерекше мән берілуде.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық және абаттандыру шаралары алдағы уақытта да

тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

Алдағы уақытта көркейту-көгалдандыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп, тазалық жұмыстары жүйелі жүргізілетін болады. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акция аясында атқарылып жатқан жұмыстар тұрақты бақылауда болады.

АУДАН ӘКІМІ ГАЗ ЖҮРГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫН КӨРДІ

Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол және Ү.Түктібаев ауылдарына орамшешілік газ желілерін жүргізу жұмыстары басталған болатын.

Қазалы ауданы әкімі Алмасбек Есмаханов елді мекендердегі орамшешілік газ желілерін жүргізу жұмыстарының сапасын бақылап, мердігер мекемелердің жауапты өкілдерімен кездесті.

Алдағы уақытта аталған 4 ауыл толықтай көгілдір отынға қосылғаннан кейін 1300-ге жуық тұрғын үй мен 25 әлеуметтік нысан табиғи газбен қамтылып, 7000-нан астам тұрғын көгілдір отын игілігін көрмек. Сонымен қатар, кәсіпкерлік нысандар да

табиғи газға қосылатын болады.

Кездесу барысында аудан әкімі Президентіміздің, облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып жатқан бір мезетте 4 ауылға газ жүргізу жұмыстары бұл ауқымды жобалардың бірі екендігін айтып, мердігер мекемелерге құрылыс жұмыстарының сапалы әрі мерзімінде аяқталуы басты талап екенін ескертті. Газ желілерін жүргізу жұмыстарына жергілікті тұрғындарды тартып, оларды жұмыспен қамту мәселесіне де

баса назар аудару қажеттігін атап өтті.

Айта кетейік, Бекарыстан би, Майдақол және Ү.Түктібаев ауылдарын көгілдір отынмен қамту жұмыстарымен мердігер мекеме – «AsiaStroy KZ» ЖШС, ал Жанқожа батыр ауылындағы жұмыстармен – «Сырэнергогазстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі айналысуда. Аталған 4 ауыл толықтай көгілдір отынға қосылғаннан кейін аудан бойынша тұрғындары газбен қамту көрсеткіші 83 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

«Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ мен Wabtec арасындағы стратегиялық әріптестіктің негізгі бағыты ел аумағында әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды көздейді. Сол жобалардың бірі – Арал ауданындағы оқушыларға арналған заманауи шығармашылық сарайы.

Ұлттық компанияның бастамасы аясында 100 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебін» біріктірген, балаларға қосымша білім беретін заманауи инфрақұрылым құрылады. Жалпы ауданы 1 950 шаршы метрлік кешенде түрлі

бағыттағы үйірмелер, өнер және қосымша білім беру кабинеттері орналасады деп жоспарлануда. Бұл оқушылардың бейіміне қарай сапалы қосымша білім алуына, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Оқушылар сарайы ел игілігіне айналғаннан кейін 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Аталған жоба өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, балалар мен жастар үшін қолайлы орта қалыптастыруға және елді мекен тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға оң ықпал етеді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП — Қауіпсіз Қазақстан үшін!

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫ ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында сот жүйесінің тиімділігі ерекше рөл атқарады. Әсіресе, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда соттардың әділ, тәуелсіз және саналы жұмыс істеуі басты талаптардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда кассациялық соттарды құру – сот жүйесін жетілдірудің маңызды қадамдарының бірі.



Кассациялық сот – төменгі сатыдағы соттардың шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеретін жоғары деңгейдегі сот институты. Оның негізгі мақсаты – сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету және заң нормаларының дұрыс қолданылуын қадағалау. Сондықтан кассациялық соттардың құрылуы құқықтық жүйенің сапасын арттыруға тікелей әсер етеді.

Біріншіден, кассациялық соттар азаматтардың әділ сотқа қол жеткізу құқығын кеңейтеді. Егер бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда қателіктер орын алса, кассациялық сатыда оларды түзету мүмкіндігі беріледі. Бұл өз кезегінде сот шешімдеріне деген сенімді арттырады.

Екіншіден, кассациялық соттар сот тәжірибесін біріздендіруге ықпал етеді. Әртүрлі аймақтарда заңдардың әрқалай қолданылуы құқықтық теңсіздікке әкелуі мүмкін. Ал кассациялық соттар арқылы құқық қолдану практикасы жүйеленіп, барлық өңірлерде заңдардың бірдей түсіндіріліп, қолданылуы қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, кассациялық

соттарды құру судьялардың кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Себебі кассациялық сатыда тәжірибелі, жоғары білікті судьялар жұмыс істейді. Олар төменгі сатыдағы соттардың қызметіне құқықтық баға беріп, құқықтық қателіктерді анықтайды. Бұл жалпы сот жүйесінің сапасын жақсартуға әсер етеді.

Төртіншіден, кассациялық соттар құқықтық тұрақтылық пен заң үстемдігін нығайтады. Әрбір іс бойынша қабылданған соңғы шешім заң талаптарына толық сәйкес болуы тиіс. Кассациялық бақылау осы талаптың орындалуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, кассациялық соттарды құру – әділ сот жүйесін қалыптастырудағы маңызды реформалардың бірі. Ол азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп қана қоймай, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етеді, судьялардың кәсіби деңгейін арттырады және жалпы құқықтық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Сондықтан кассациялық соттардың тиімді қызметі – құқықтық мемлекеттің негізгі кепілі болып табылады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП — ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қоғамның тыныштығы мен дамуы ең алдымен заң мен тәртіпке негізделеді. Заң - мемлекет бекіткен және барлық азаматтар орындауға міндетті ережелер жүйесі. Ал тәртіп - осы заңдардың мүлтіксіз орындалуы, әр адамның мінез-құлқының қоғам талаптарына сай болуы.

Заң мен тәртіп сақталған жерде әділдік, бейбітшілік пен қауіпсіздік орнайды. Керісінше, заң бұзылып, тәртіп сақталмаса, қоғамда анархия мен бейберекеттік туындайды. Сондықтан әр азамат заңды құрметтеп, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясында әр адамның құқықтары мен бостандықтары нақты айқындалған. Оларды сақтау - мемлекет пен азаматтардың ортақ міндеті. Полиция мен сот органдары заңның орындалуын қадағалайды, бірақ ең маңыздысы - әр адамның ішкі жауапкершілігі мен ар-ожданы.

Заң мен тәртіпті сақтау - ел



дамуының, халық әл-ауқатының және болашақ ұрпақтың жарқын өмірінің кепілі. Қоғамда әділдік үстемдік еткенде ғана адамдардың бір-біріне деген сенімі нығаяды. Сенім бар жерде ынтымақ, татулық және тұрақтылық қалыптасады.

Заңға бағыну - тек қорқыныштың емес, азаматтық сананың және мәдениеттің белгісі. Әр адам заңды саналы түрде түсініп, өз

еркімен орындағанда ғана нағыз құқықтық мемлекет қалыптасады. Бүгінде Қазақстан құқықтық мемлекет қағидатын ұстанып, заң алдында бәрінің тең болуын қамтамасыз етуге ұмтылуда.

Тәртіп күнделікті өмірдің барлық саласында маңызды. Мысалы, оқушы тәртіп сақтамаса, білім сапасы төмендейді; қызметкер тәртіпсіз болса, еңбек өнімділігі азаяды. Ал жол


ережесін бұзған жүргізуші тек өзіне ғана емес, өзгелерге де қауіп төндіреді. Сондықтан тәртіп - қауіпсіз өмірдің басты шарты.

Қазіргі уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың міндеті. Отбасында баланы адалдыққа, әділдікке және заңды құрметтеуге баулу - болашақтың берік негізі. Мектептерде құқықтық тәрбие беру, жастар арасында заңды түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі де аса маңызды.

Заң мен тәртіптің сақталуы мемлекеттің халықаралық беделін арттырады. Әділ әрі тұрақты елге шетелдік инвесторлар сеніммен қарайды, бұл өз кезегінде экономикалық дамуға жол ашады. Тыныш қоғамда ғылым, мәдениет және өнер де қарқынды дамиды.

Қорытындылай келе, заң мен тәртіп - тек мемлекеттік жүйенің ғана емес, рухани өмірдің де негізі. Тәртіп бар жерде адамгершілік, жауапкершілік, ұят пен намыс қатар қалыптасады. Әр адам өзіне де, өзгеге де әділ болғанда ғана қоғамда шыншай бейбітшілік пен бірлік орнайды.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖҮРГІЗУДЕ



Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі мен Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторлары, сондай-ақ учаскелік полиция инспекторлары бірлесіп, қала аумағында профилактикалық іс-шаралар жүргізуде.

Іс-шара барысында қорғау нұсқамасы шығарылған азаматтардың тұрғылықты мекен-жайлары тексеріліп, олармен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның салдары мен жауапкершілігі туралы кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Шараның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және жолын кесу. Егер сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса немесе оның куәсі болсаңыз, дереу «102» нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

ХАТТАМАЛАР РӘСІМДЕЛДІ

Ағымдағы жылдың 30 сәуір күні Қызылорда қаласы Ақсай полиция бөлімінің әкімшілік аймағына қарасты УПП-6 және УПП-7 учаскелерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында «Квадрат» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Қысқа мерзімді жедел-профилактикалық іс-шараның негізгі мақсаты – жергілікті тұрғындар мен полиция арасындағы өзара байланысты нығайту, тұрғындардың полиция қызметіне деген сенімін арттыру, сондай-ақ азаматтармен жеке пікір алмасу арқылы аймақтағы криминалға баға беру.

Іс-шараға Қызылорда қаласы Полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары, ювеналды полиция қызметкерлері, патрульдік полиция және ЖКАЖ қызметкерлері жұмылдырылды. Іс-шара барысында №6 және №7 әкімшілік аймақтарға қарасты

көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары мен жеке тұрғын үйлер тексеріліп, спирттік ішімдікке әуес азаматтармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде барлығы 50 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Сонымен қатар, топтасып жүрген 28 жасөспірім Ақсай полиция бөліміне жеткізіліп, олардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 22 жасөспірімнің ата-анасына қатысты әкімшілік хаттамалар рәсімделді. Бұдан бөлек, бір жасөспірімнен суық қару (асхана пышағы) тәркіленді.



ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында азаматша М.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Анықталғандай, азаматша М.-ның тәрбиесіндегі көмелетке толмаған ұлы түнгі уақытта көше бойында тиісті құжаттары жоқ күйінде мотокөлік басқарған.

Осылайша, азаматша М. көмелетке толмаған баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күтіп-бағу жөніндегі шараларды

орындамаған.

Сот қаулысымен азаматша М. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60 550 теңге айыппұл салынды.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты



МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ БАҚЫЛАУ ҚАТАҢ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының жеке құрамы мереке күндері қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күшейтілген режимде қызмет атқаруда. Саптық жиын барысында Қызылорда облысы Полиция департаменті Өзіндік қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Жаппаров Серік, Жеке құраммен жұмыс жөніндегі инспекциясының бастығы Әбішев Нұрлан және Қызылорда қаласы Полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Пазылов Нұрмахан Сансызбайұлы жеке құрамға нақты тапсырмалар беріп, қызметті заң талаптарына сай атқаруды міндеттеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті сақтау барысында қырағылық танытып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар нақты тапсырмалар жүктелді.

СУДЬЯ – СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСТЫ ТҰЛҒА

Құқықтық мемлекетте сот билігінің орны ерекше. Ал сол сот билігінің өзегінде тұрған, әділдіктің айнасы саналатын тұлға – судья. Судья – тек заң нормаларын қолданушы емес, ол – адам тағдырына тікелей ықпал ететін, әділ шешім қабылдау арқылы қоғамдағы тұрақтылық пен сенімді қалыптастыратын жауапты қызмет иесі.

Қазақстанда сот билігінің мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясы арқылы бекітілген. Конституцияға сәйкес, сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктен тәуелсіз жүзеге асырылады. Ал осы тәуелсіздіктің нақты көрінісі – судьяның дербестігі. Судья қандай да бір ықпалға, қысымға немесе нұсқауға бағынбай, тек заң мен ар-ұжданға сүйеніп шешім қабылдауы тиіс.

Судьяның қызметі аса жоғары кәсібилікті талап етеді. Ол заңдарды терең меңгерумен қатар, өмірлік тәжірибеге, психологиялық төзімділікке және әділдік сезіміне ие болуы қажет. Себебі әрбір сот ісінің артында – адам тағдыры, отбасының болашағы, кейде тұтас қоғамның мүддесі тұрады. Сондықтан судья қабылдаған әрбір шешім

заң талаптарына ғана емес, әділет қағидатына да сай болуы керек.

Судья – сот жүйесіндегі басты тұлға, өйткені сот төрелігін тікелей жүзеге асыратын да сол. Сот ғимараты, рәсімдер, заңдар – барлығы жүйенің құрамдас бөлігі болғанымен, әділдікті өмірге енгізетін – судьяның өзі. Оның адалдығы мен кәсібилігіне халықтың сотқа деген сенімі байланысты.

Қазіргі кезеңде сот жүйесін жаңғырту, цифрландыру, ашықтықты арттыру бағытында бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – сот төрелігінің сапасын көтеру. Алайда қандай реформа болмасын, оның нәтижесі судьяның білімі мен ішкі ұстанымына тікелей тәуелді.

Судья – сот жүйесіндегі басты тұлға ғана емес, құқықтық мемлекеттің тірегі. Оның әділдігі – заң үстемдігінің кепілі, ал тәуелсіздігі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сенімді қорғаны. Сондықтан судья мәртебесі әрдайым жоғары құрмет пен үлкен жауапкершілікті талап етеді.



ТЫЛДАҒЫ МАЙДАН

Жеңіс күні соғыс ардагерлерінің ерлігін еске аламыз. Бірақ сол қан майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлері де үлкен үлес қосты. Соғыс тек майдан даласында болған жоқ, тылда да нағыз майдан жүрді. Жау басып алған аймақтардан өнеркәсіп орындары Қазақстан мен Сібірге көшіріліп, бұл өңірлер ел экономикасының тірегіне айналды. Әйелдер мен қарттар, 10-12 жасар балалар еңбекке ерте араласып, ауыр жұмыстың бел ортасында болды. Егін екті, мал бақты, зауытта жұмыс істеді. Сөйтіп жүріп, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтамасыз етті, Жеңісті жақындатты.

1939 жылғы санақпен салыстырғанда, 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600 000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбек еткен ерлердің майданға тартылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы колхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.

Сұрапыл соғыс жылдарында колхоздар мен совхоздар майданға тек азық-түлік емес, сонымен бірге ауыл шаруашылық техникасын жіберіп отырды. 1942-1943 жылдар аралығында республика ауыл шаруашылығынан 4111 трактор, 1184 жүк машиналары, 30318 жылқы майданға жіберілді. Сондықтан да соғыс жылдары егін салу жұмысының 50%-

ын ірі қара атқарды. Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда, 24 млн. пұтқа артық.

Колхозшылар мен совхозшылар өз еркімен жұмыс уақытын таңғы бестен, кешкі онға дейін ұзартқан. Әр шаруа 2-3 адамның жұмысын қатар атқарды. Әйелдер болса балаларын балабақшаға тапсырып, күні-түні жұмыс істеп, колхоз жұмысын белсене атқарды. Қантөгіс соғыс адам өмірін аямады. Жастықтың қызығын көрмеген талай боздақ майданда қаза тапты, қаншасы жараланып оралды. Соғыс миллиондаған адамның өмірін жалмап, жүздеген қаланы жермен-жексен етті. Әр отбасының жүрегінде жазылмас жара қалдырған Ұлы Отан соғысы – қасірет қана емес, ол – халықтың бірлігі мен қайсар рухының дәлелі. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қатармандарының еңбегі – нағыз ерлік.

Бүгінде тыл еңбеккерлерінің қатары сиреп барады. Олардың соғыс жылдарындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, әлеуметтік қолдау шаралары жүзіліп түрде көрсетіліп жүр. Арнайы әлеуметтік төлемдер, мерекелік біржолғы жәрдемақылар (Жеңіс мерекесі қарсаңында), медициналық көмек, коммуналдық жеңілдіктер, жергілікті әкімдіктер тарапынан қосымша қолдау шаралары жүзеге асып келеді.



ЖЕҢІС

Жеңіс! Жеңіс!

Қалалардың үстімен отқа оранған,

Далалардың үстімен отқа оранған

Ұштың сен

Қанатыңды жалын шарпып,

Жатқанда әлем ішіне қанын тартып.

Тұрды алдыңда қаншама тосқауылдар,

Қанша төкті қаһарын отты ауыздар?!
Төтеп бердің бәріне,

Қайран, жеңіс,

Өзің жайлы қаншама жетті аңыздар?!
Әнін, сәнін қайтарып көк орманның

Қандай ғажап

Шаттық боп оралғаның.

Дүйім елдің шыдаммен ұзақ күткен,

Алақанға қондырдың ақ арманын.

Кешіп өтіп өмірдің өткелін мың,

Жетті бізге айбынды, өктем үнің.

Бейбіт күннің

Бал дәмін татып тұрып,

Қуаныштан көз жасын төкпеді кім?..
Жеңіс! Жеңіс!

Сен келгелі тірліктің жаңарды әні,

Бауырласып әр ұлттың адамдары,

Қан майданда біріккен ұлы достық

Бір мақсатпен бастады қадамдарын.

Сен келгелі көтеріп иықты нық,

Астық үйдік қамбаға биік қылып.

Тосты бізге

Жер-Ана ризығын бар

Алпыс екі тамыры иіп тұрып.

Өз қолымен орнатып пейіш мекен,

Өркен жайған елімде өріс те кең.

Бейнеткеш ел тынымсыз тер төгуде,
Мен де солай ісімді жемісті етем.

Сен келгелі атады жадырап таң,

Нұр-шуағын аямай жамыратқан.

Мың сан ұлтты,

Іргелі елміз, міне,

Күллі әлемге бүгінде қадірі артқан.

Бейбіт күннің есігін ашқалы біз,

Мамыражай, түп-тұнық аспанымыз.

Болашағын қорғайтын Ұлы Отанның

Келеді өсіп жасампаз жастарымыз.

Тыныштығын орнатқан жер үстінің,

Жеңіс күні аяулы, ең ыстық үн.

Біздің мақсат ертеңге алып бару,

Желбіретіп қолдағы

Жеңіс туын!

Қатира ЖӘЛЕНОВА

БРОНХ ДЕМІКПЕСІ:

АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

5 мамыр - Дүниежүзілік бронх демікпесімен күресу күні. Бұл ауру не себептен пайда болады, оны қалай дер кезінде анықтауға болады және елімізде қандай емдеу мүмкіндіктері бар - осы тақырыпта Қызылорда қаласындағы №3 емхананың дәрігер-пульмонологы Нүргүл Лиясовамен сұхбаттастық.

- Бронх демікпесі не себептен пайда болады?

-Бұл тыныс алу жолдарының созылмалы қабыну ауруы. Ол тұншығу ұстамаларымен, жөтелмен, ысқырықты тыныспен және кеуде тұсының қысылуымен көрінеді. Негізгі себеп - бронхтардың түрлі тітіркендіргіштерге жоғары сезімталдығы: аллергиялар, инфекциялар, суық ауа, физикалық жүктеме. Сонымен қатар тұқым қуалаушылық, экологиялық факторлар мен өмір салты да маңызды рөл атқарады.

- Аймақта және әлемде бронх демікпесімен қанша адам өмір сүреді?

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде 260 миллионнан астам адам бронх демікпесімен өмір сүреді. Қазақстанда да жүздеген мың науқас бар және олардың саны біртіндеп артып келеді. Қызылорда облысында да сырқаттанушылық деңгейі тұрақты. Соңғы 10 жылда



бронх демікпесімен сырқаттану 4 есеге өсті. Бүгінде астма балалар мен жастар арасында жиі анықталуда. Бұл экологияның нашарлауымен, аллергиялық аурулардың көбеюімен және өмір салтының өзгеруімен байланысты.

- Бронх демікпесінің алғашқы қандай белгілерін адамдар жиі елемейді?

- Көбіне бұл: түнде немесе таңертең күшейетін құрғақ жөтел, физикалық жүктеме кезінде енгізу, тыныс алғанда

ысқырық немесе сырыл, кеуде тұсының ауырлығы. Көпшілік бұл белгілерді суық тиюмен немесе шаршаумен байланыстырып, дәрігерге кеш жүгінеді.

- ТМҚКК және МӘМС аясында қандай тексерулер мен емдеу әдістері қолжетімді?

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында пациенттер: жалпы тәжірибелік дәрігер мен пульмонологтың кеңесін;

спирометрияны (өкпе қызметін бағалау); рентгенографияны; зертханалық және аллергиялық тексерулерді өте алады.

Сонымен қатар МӘМС аясында күндізгі стационарда ем алу қарастырылған. Ауыр түрімен ауыратын науқастар әр 3 ай сайын ем қабылдайды. Дәрігер бақылауында болып, дұрыс ем қабылдаса, астманы тиімді бақылауға болады.

- Балаларда бронх демікпесін «жиі ЖРВИ» деп қателесіп өткізіп алу мүмкін бе?

- Өкінішке орай, мүмкін. Балаларда бронх демікпесі жиі суық тию сияқты көрінуі мүмкін. Егер бала жиі жөтелсе, әсіресе түнде, тез шаршаса, енгізу пайда болса — міндетті түрде дәрігерге қаралып, тексерулен өту керек. Ерте диагностика асқынудың алдын алады.

- Көктем мен күлдену кезеңі бронх демікпесіне қалай әсер етеді?

- Көктем - бронх демікпесі бар науқастар үшін ең қиын кезеңдердің бірі, әсіресе аллергиялық түрінде. Өсімдіктердің гүлдеуі, тозаң, сондай-ақ өңірдегі шаң мен жел аурудың асқынатын себеп болуы мүмкін. Уақыт өте келе аллергиялық ринит бронхалдық астмаға ұласуы ықтимал. Сондықтан дәрігердің ұсынымдарын қатаң сақтау, ем қабылдау және аллергиялармен байланысты шектеу маңызды.

- Темекі, вейп, кальян - қауіп

қаншалықты жоғары?

- Темекі шегудің барлық түрлері, соның ішінде вейп пен кальян, бронх демікпесінің даму қаупін арттырады және аурудың ағымын ауырлатады. Олар тыныс алу жолдарын тітіркендіріп, қабынуды күшейтеді және емнің тиімділігін төмендетеді. Пассивті темекі шегу де өте қауіпті.

- Бронх демікпесі кезінде вакцинация: тұмау, пневмококк - қажет пе, әлде қауіпті ме?

- Вакцинация қауіпсіз әрі ұсынылады. Тұмау мен пневмококк инфекциясына қарсы екі екеу аурудың асқынатын мен ауыр салдарының алдын алуға көмектеседі. Әрине, вакцинация мәселесі дәрігермен жеке түрде шешіледі.

- Жаңа ғана «бронх демікпесі» диагнозы қойылған адамға үш негізгі кеңес?

- Біріншісі - үрейленбеу. Дұрыс тәсіл болса, бронх демікпесі жақсы бақыланады. Екіншісі - симптомдар бақыланатын өзінде тағайындалған емді ұзбеу. Үшіншісі - ауруды басқаруды үйрену: триггерлерді білу, ингаляторды дұрыс пайдалану және дәрігерге тұрақты қаралу.

Бронх демікпесі - үкім емес. Заманауи медицина бұл ауруды бақылауда ұстап, белсенді әрі толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Ең бастысы - белгілерді елемей, дер кезінде дәрігерге жүгіну.

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселіке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №100

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)